

№12 Жалпы орта мектеп

0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

Ата-аналар жиналысы №1

Күні : 05.09.2023ж

Қатысқаны: 21

Қатыспағаны: 0

«Балаларды тәрбиелеуде мектеп пен ата-аналардың бірлескен жұмыстары»

Жиналыстың тақырыбы: *«Мектепалды даярлық сыныбы не білуі тиіс?»*

Күн тәртібінде:

1. «Баланы мектепке даярлауда ата-ана не білуі керек?» . «Мектепалды даярлық сыныбы не білуі тиіс?»
2. Әртүрлі мәселелер (оқу қызметтері жөнінде, алынған кітаптар жайында айту, мерекелерге дайындық.)
- 3.Ойын: «Балаңызға қандай жылы сөздер айтасыз?»

Ата-аналарды күн тәртібімен таныстыру.

Құрметті ата-аналар, бүгін сіздерді жинаған себебім, өздеріңіз білетіндей балаларымыз мектепке даярлануда. Сондықтан бар ынтамызды, бар білімімізді балаларға үйретуге көңіл қоюдамыз.

- Бүгін сіздерге кеңес ұсыныстар бергім келіп отыр. Өздеріңіз білетіндей білім беру жылдан жылға өзгеріп, күрделене түсуде. Мектеп бағдарламасы өте ауыр, сондықтан қазір балалар мектепке барар жолда балалардың танымдық деңгейлері тексеріледі. Балалар өздерінің аты-жөнін, мекен жайларын,ҚР-ның рәміздерін, өз Отаны жайлы мағлұматтарды, облыс атауларын, ата-анасының аты-жөні, жұмыс орны т.б білулері тиіс.

Баланы мектепке даярлауда ата-ана не білуі керек?

1. Әріптерді танып, екі-үш әріптің басын қосып оқи алу қажет.
2. Сандарды, көп-аз, үлкен-кіші, ұзын-қысқа т.с. логикалық сұрақтарға жауап бере білуі қажет.

- Көбірек бояғыш қағаздармен, сазбалшық, ермексаз, бауларды байлап үйренулері керек.
- Әсіресе тілдік нормалары төмен балаларға көп көңіл бөлінуі қажет.
- Қайшымен көбірек жұмыс істету, лазерлік саусак ойындарын ойнату.
- Математика пәнінен қосу, азайтуларды дұрыс түсіндіріп, 1-ден 20-ға дейінгі сандар аралығында қосып, азайтып есептер шығара білуі тиіс.

Баланы 6 жас, 6 айдан асқанда ғана мектепке берген дұрыс. Өйткені одан кішірек болса баланың бейімделуі қиынға әкеліп соғуы мүмкін.

Балаларыңыздың тіліне көбірек көңіл бөліп, қазақша бағдарламаларды көрсін. Бос уақыттарыңызда 20-30 минут көңіл бөліп, баламен жұмыс жүргізу керек.

Балаларыңыз бір жасқа есейді, өтілетін сабақтар күрделенді, оларға сіздердің көп көңіл бөлулеріңіз қажет.

Себебі бір жақтан берілген білімді екінші жақ үйде қайталап, орындап отырса баланың есте сақтау қабілеті арта түседі. Сондықтан сіз біз болып балалардың білім алуына бірігіп ат салысайық.

Ата-аналар комитетін сайлау мәселесіне тоқталып өтсек.


Ата-аналар комитетіне сайланған мүшелер:

1. Алдашова Б
2. Бурибекова К
3. Джултаева Н
4. Есіркепова М

Өртүрлі мәселелер (кітаптар жайында айту, мектепке уақытылы келіп отыру, мерекелерге дайындық,

Жиналыстың шешімі:

- 1 «Балапан» сыныбының күн тәртібін сақтау ата-ана мен сынып жетекшісіне жүктелсін.
 - 2 «Балапан» сыныбының ата-аналар ұйымына төмендегі ата-аналар сайлансын:
1. Алдашова Б
 2. Бурибекова К
 3. Джултаева Н
 4. Есіркепова М

Жиналыс төрайымы:  Жаукимова Н

Жиналыстың хатшысы:  Кулмаханова А

№12 Жалпы білім беретін мектеп
«Балапан» 0 мектепалды даярлық сыныбы.

Ата-аналар жиналысы №2

Күні : 15.12.2023ж

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 3

Күн тәртібінде:

- 1 «Баланың бас ұстазы- ата ана» атты баяндама тыңдалды.
3. Жолда жүру ережелерін сақтау

Тыңдалды:

1. «Баланың бас ұстазы- ата ана» атты баяндаманы сынып жетекшісі Жаукимова Н оқыды.

Ескертілген жағдайлар


Баланың жеке басын құрметтеңіз. Өз әрекеттеріңізде озбырлыққа жол бермеңіз. Тиісті өзін-өзі бағалауды қалыптастырыңыз. Баланы отбасының нақты істерімен таныстырыңыз. Оған қажетті үй тапсырмаларын орындауды талап етіңіз. Баланы ерік-жігерін дамыту. Оған шыдамдылық пен батылдықты танытуға үйретіңіз. Мақсатқа жету үшін күш салуды үйреніңіз. Баланы жоспарлауға, іс-қимыл жоспарын құруға үйретіңіз. Үлкен және күрделі істі бірқатар нақты әрекеттерге бөлу. Оны басқа балалармен, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз. Ата-аналық мінез-құлықтың онтайлы моделін көрсетіңіз. Баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырыңыз: мейірімділік, әдептілік, жанашырлық, өзара көмек, жауапкершілік. Балалардың жасына сәйкес доміс-шараларына қатысуын қамтамасыз етіңіз.

Жиналыс қаулы етеді:

2. Қауіпсіздік ережелерін ата - аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар түсіндіріп отырсын.
3. Сынып оқушыларының оқу сапасының көтерілуін сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері, ата – аналар бірлесіп жұмыс жасау.
4. Оқушылардың тәртібіне және күнделіктеріне назар аудару.

Сынып жетекшісі:

Жиналыстың хатшысы:

 Жаукимова Н

Калибекова А

№12 Жалпы білім беретін мектеп
«Балапан» 0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

«Баланың бас ұстазы ата-ана»
Баяндама

Баланың бас ұстазы-ата-ана



Сынып жетекшісі: Жаукимова Н.Т

2023-2024ж

Баланың бас ұстазы – ата-анасы.

Бала барлық үлгі-өнегені өзі шыққан отбасы мен ата-анасынан алады. Оның азаматтық келбеті, мінез-құлқы жанұядағы жандардың күшті ықпалымен қалыптасады. Аяғын апыл-тапыл басқан сәби алғашқы қылықтарын ата-анасынан, аға-апаларынан көрген, үйренген үлгі бойынша жасайды. Не көрсе соны үйренуге, не естісе, соны айтуға тырысады.

Сондықтан да баланың алдында ата-ана үлкен жауапкершілік сезіну керек. Ата-аналардың балалармен қарым-қатынасы туралы атақты педагог В.А. Сухомлинский былай дейді: «Біз өз балаларымыздың құлағына нені сіңіріп, нені үйреткенімізден гөрі, өзіміз кім, біз қандай ой-ниеттеміз, сезім-түйсіктеріміз, тілектеріміз не, өзіміз үшін нені нені жақсылық, нені жамандық деп түсінеміз-міне осылар арқылы балаларымызды көбірек тәрбиелеіміз». Сіздер өз балаларыңызды өздеріңіздің әр қадамдарыңызбен, әр қылықтарыңызбен тәрбиелейсіздер; ол-ол ма, тіпті өзіңіз үйде жоқта да тәлім бересіз. Егер сенің балаларыңды жамандаса, демек сенің өзіңді де жамандағаны.

Анаң мен әкең мейрімсіз, қатыгез болсаң, өзіңнің балаларың да сондай болмақ. Балаларыңа сенің беруге тиісті ең қымбат және өте қиынға түсетін бақыт – бұл адамдар үшін еңбек ету бақыты.

Жанұядағы еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің негізі ретінде үздіксіз жүргізіліп жатқан процес. Еңбек адамды мақсатқа, бақытты өмір сүруіне себепші болады. Сондықтан еңбек тәрбиесі-жанұя бақытының негізі.

А.С. Макаренко: «адамның болашақ мамандығы үшін ең маңызды нәрсе-жанұядағы еңбек тәрбиесі», - дейді. Баланың еңбекке араласуы мүмкіндігінше ертерек басталуы тиіс, өйткені бала еңбегі оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын ең қуатты негіз болып табылады», дейді.

В.А. Сухомлинский «Еңбек адамның екінші анасы дейді»-халық.

Әрбір ата-ана баласының тәртіпті, кішпайыл, еңбекке бейім боп өсуіне сәби жасынан ықпал етуі керек. Балаға жүктелетін жұмыс олардың шамасына лайықты болуы керек. Баланы 4-5 жасынан үй шаруасына көмектесуге үйреткен жөн. Мысалы ер балаларға су әкелу, малға шөп салу, қыз балаларға ыдыс-аяқ, еден жуу, үй жинау жұмыстарын тапсыру керек. Баланың тапсырған жұмысты орындау кезіндегі сәтсіздігі үшін оған ұрсып, жігерін жастыуға болмайды, сол бала басқа бір жұмысты ұқыпты, ынталы орындауы мүмкін. Сондықтан жұмысты ата-ана әр баланың шамасына, икеміне лайықтап тапсыруы керек. Бұл жерде ата-ана жазалау, мадақтау сияқты тәрбие тәсілдерін орынды да, әділ және кішпайылділікпен қолдануы қажет.

Жанұядағы еңбек тәрбиесі- баланың мінез-құлқының қалыптасуына себепші болатын негізгі фактор. Жақсы ұйымдастырылған, қолдауын тапқан, нәтижелі

еңбек, баланы қуантып, оның сенімін арттырады, адамгершілік сезімін дамытады.

Еңбек баланың ата-анаға, ата-ананың балаға сүйіспеншілігін нығайта түседі. Сүйіспеншілік- адамгершіліктің алдыңғы нышаны. Адамгершілік туа бітпейді, ол тәрбиенің ықпалымен қалыптасады.

Ұлы жазушы А.П. Чехов: «адам барлық жағынан да сұлу болуы керек»-дейді. Жанұяда ата-ана баланың таза киініп, таза жүріуімен қатар оның әдепті болуын талап етеді. Әдептілік эстетиканың негізгі бір саласы. Эстетикалық тәрбие жанұяда баланың әсемдік түсіну қабілетін дамытудан басталады.

Баланың асыға күтетін қуаныштарының бірі-мектеп табалдырығын аттау, оқушы болу. Осы орайда ата-аналар алдында тұратын міндет те үлкен. Баланы мектепке оқушы болуға дайындау қажет. Ата-аналар ерте бастан баласына адамды оқуға, жазуға, дүние тануға үйрететін, ел ардақтайтын азамат болуға тәрбиелейтін мектеп екендігін айта бергені жөн.

Кейбір ата-ана өз жұмыстарымен болып, баласының бос уақытта немен шұғылданатынымен, достарының кім екенімен шаруасы болмайды, көпшілігі бұл мұғалімнің жұмысы деп есептейді. Әрбір ата-ана мұғаліммен тығызбайланыста болғаны жөн, онсыз жақсы нәтижеге жету мүмкін емес. Ата-ана мен мұғалім бірлесіп жұмыс істегенде ғана бала бойына ізгі қасиеттерді толығынан сіңіруге болады.

Мұғалім сыныбындағы әр баланың мінез-құлқындағы ерешеліктерді, оны не қызықтыратынын, немен шұғылданғысы келетінін туралы өте жақсы біледі. Кейде өз баласының бойындағы осындай ерекшк қасиеттерді ата-ана дер кезінде байқамауы мүмкін, сондықтан ата-ана мұғалімнен баласының жағдайын жиі біліп тұруы керек. Баланы жақсы көру –барлық ата-анаға тән қасиет. Алайда тек жақсы көру балаға жақсы тәрбие бергендік болып есептелмейді. Ата-ананың ең ардақты міндеті-бала бойына жақсы қасиеттерді сіңіре беру, күн сайын емес, сағат сайын бала оқуын, еңбегін, ойынын, жолдастарымен қарым-қатынасын үнемі, шаршамай, ерінбей бақылап жақсылыққа жөн сілтеу.

Балалардың үлкендерден көшіретінін ұмытпайық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген осыдан қалған. Бала –біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы, сондықтан бала тәрбиесі ата-анадан жауапкершілікті талап етеді. Бала Отанына қызымет етсін десек, халқына адал, бақытты болып, өмірде өз орнын табыуын естен шығармай, үнемі көіл бөліп отыру қажет-ақ.

№12 Жалпы білім беретін мектеп
0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

Ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы № 3

Күні : 18.05.2024ж

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 6

Күн тәртібі:

Тақырыбы

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Мақсаты:

1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Күн тәртібінде:

- 1.Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»
2. Төртінші оқу тоқсанының қорытындысы

Тыңдалды:

1.Мәселе

Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Мақсаты: әлпештеген әке мен аялаған ана арқылы өрбіген туыстар сыйластығы, жанұядағы үлгі тұтар ата - ана тәрбиесі берген әдептілік, ізет, құрмет туралы пікір қозғаймыз.

Накыл сөздер:

1. Қызың өссе, гүлдей болсын деп тіле.
 2. Отбасының қос шынары: ата мен әже.
 3. Ана - жараға жапырақ.
 4. Қарындасың сыйламағанның қары сынсын.
- 2-мәселе бойынша екінші оқу тоқсанының қорытындысы
Төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузельбаевна айтып өтті.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы төмендегідей қаулы қабылдады:

1. « Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы» атты баяндама тыңдалды.

Сынып жетекшісі:

Хатшы ата-ана:

Two handwritten signatures in black ink. The top signature is for the class teacher, and the bottom signature is for the parent representative. Both are written in a cursive style.

Жаукимова Н

Есіркепова М

№12 Жалпы білім беретін мектеп
0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»
Баяндама



Сынып жетекшісі: Жаукимова Н.Т

2023-2024ж

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Отбасы – сыйластық пен жарастық орнаған кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» деген ұлағатты сөз осыған орай айтылса керек. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Адам өмірі отбасынан басталады және азамат болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың алтын арқауы.

Отбасы – табиғат сыйлаған ғаламаттардың бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам әрі өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – туған-туыскандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Айрандай ұйыған, тату тәтті, бірлікте өмір сүріп жүрген қарапайым қазақ отбасыларын «Отбасы шағын мемлекет» ұғымына сыйғызуға болады. Менің атам мен әжем көпбалалы отбасынан шыққан. Қазақ қашанда немере-шөберенің санын айтпаған. Сондықтан, мен де Алла берген немерелерінің бірімін. Біздің қара шаңырағымыздың ақылшысы, арқа сүйеріміз – әкем, қамқоршымыз – анам. Сондықтан,

«Әке – асқар тау,

Ана – етегіндегі бұлақ,

Бала – жасындағы құрақ» – деген осы болса керек. Ата-анасын, аға-сіңлілерін сыйлай білген, бауырларын бағалай білген адам, менің ойымша, қоғамда ізгі ниетімен еліне, оның дамуына зор үлесін қосатынына сенімдімін. Өйткені, менің әке-шешем де еліне қызмет ете жүріп, бізді бағып-қағып, жақсы тәрбие беріп, оқытып, қатарға қосқан абзал жандар. Мен ата-анамды қашанда мақтан тұтамын. Олар біздің еркелігімізді, аяғымызды шалыс басып сүрінген кездердегі қателігімізді түсініп кешіре білген оны түзетуге ақыл-кеңесін беріп, кең дүниенің тек тәтті тұстарын көрсетуден, жақсылыққа итермелеуден жалықпайтын аяулы жандар. Ал, отбасы мақтанышы дегенде тағы да «ең бірінші мақтанышым – ата-анам» деп айтар едім. Ата-анам балалары үшін жақсылықтың жаршысы бола білді. «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» дегендей балалары «менің әкем», «менің анам» деп үлгі тұтса, ата-ана «міне, менің балаларым» деп мақтаныш етіп отырса, бұл отбасы ажырамас алтын дінгегі. Әсіресе, отбасында қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым болады. Менің анам бізге қыз балаға тән нәзіктікті, ең бірінші «әкелеріңді сыйлаңдар, ренжітпендер», деп айтып, әкені сыйлауды, жалпы ер азаматты сыйлауды үйретіп отыратын.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-

мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, аға ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті.

Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы, өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауының бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемей, алдын кесіп өтпей, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемейтіндігінде каншама мән жатыр десенші. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Қай заманда, қай елде болмасын отбасының адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсемен алмастыра алмайсың.

Отбасынан тыс та тәрбие бар. Ол қазақта «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», – дегені. Ата-ананың жүріс-тұрысы, сөйлегені, іс-әрекеттерінің барлығы балада қалыптасады. Сондықтан, баланың алдында ата-ана өте байсалды, сабырлы болып, жақсы тәрбие көрсетуі керек. Мәселен, Абай атамyzдың он тоғызыншы кара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды...» деп өсиет айтқан. Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Бұл тұрғыда Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына карағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн» – деген екен. Ал, Қасым Аманжолов өзінің жарына арияған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өз басқару жүйесі әртүрлі болады. Осы сияқты әр отбасының өз тактикасы, басқару жүйесі болады. Ұрпақтың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасатынын шындық.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары

болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата-ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекер айтпаған.

Әкенің «батырым», шешенің «құлыным» деген сөзін естіген балада жақсы сезім туатыны белгілі. Ғ.Мұстафинның «Ата-ананың міндеті – баланы тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету» деген сөзінде көп мән жатыр. Иә, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу әр ата-ананың арманы және борышы екені даусыз. Әрқашан «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұлы мен қызы» деген, мақтан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз жасай берсін. Қазақтың әр отбасының керегесі кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата-ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсең, ұшканда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекер айтпаған.

Әкенің «батырым», шешенің «құлыным» деген сөзін естіген балада жақсы сезім туатыны белгілі. Ғ.Мұстафинның «Ата-ананың міндеті – баланы тәрбиелеу және жақсылыққа үйрету» деген сөзінде көп мән жатыр. Иә, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу әр ата-ананың арманы және борышы екені даусыз. Әрқашан «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұлы мен қызы» деген, мақтан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз жасай берсін. Қазақтың әр отбасының керегесі кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!